



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 12 сәуір № 129

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңының 177-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 12 қазандағы № 444 бұйрығымен бекітілген «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы Жарғысының 34-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2022 жылғы 10 ақпандағы № КГИП-03-КГ/364 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы шешім қабылданған күннен бастап «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Руслан Нариманұлы Мухамедовтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Бауыржан Жандарбекұлы Қынатов екі жыл мерзімге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып сайлансын.

3. Қоғамның Директорлар кеңесі немесе Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір отырысына нақты қатысып, өз міндеттерін атқарғаны үшін Бауыржан Жандарбекұлы Қынатовқа 40 000 (қырық мың) теңге мөлшерінде сыйақы белгіленсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі Ә.М. Мағауовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Б. Ақшолақов